ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 14 қыркүйек № 4360-23-00-2/1926 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбековаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбековадан талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына 27 989

(жиырма жеті мың тоғыз жүз сексен тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 840 (сегіз жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбековадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 21.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 15.11.2023

4360-23-3-1/2055